

References

- 1 Ashimhanova S. *Literary history of Western Europe in the 19th century*, Almaty: Kazakh University publ., 2006, p. 5.
- 2 Nurgaliev R. *Poetics of the Kazakh drama*, Almaty: Zhazushy, 1973, p. 231, 232.
- 3 Magauin M. *Ancient heritage*, Almaty: Zhazushy, 1991, p. 81.

ӘОЖ 821.512.122:94 (574)

Р.С.Каренов

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)

Кенесары ханның халық әдебиетіндегі және тарихи зерттеулердегі бейнесі

Мақалада әдеби, тарихи және фольклорлық дерек көздер — Кенесары Қасымұлының басшылығымен жүргізілген ұлт-азаттық қозғалыстағы оқиғаларды көзімен көргендердің әңгімелері, өлеңдері және олардың естеліктері келтірілген. Кенесары хан мен Наурызбай батырға арналған тарихи өлеңдер мен поэмалардың ішінде жетекші орынды белгілі ақын Нысанбайдың «Кенесары туралы әні» алатындығы айтылған. XIX ғасырдың 20–40-жж. қазақтар көтерілісінің себептерін анықтау үшін Досхожа ақынның сол көтеріліс кезінде шығарған өлеңі маңызды рөл атқаратындығы көрсетілген. Демократиялық бағыттағы белгілі ақын М.-Ж.Көпеевтің Кенесары туралы жинаған материалдары көңіл толтырарлық екендігі туралы қорытынды жасалған. Халық ақындары — Жамбылдың және Доскейдің естеліктері фольклорлық материалдардың маңызды тобын құрайтындығы көрсетілген. Кенесары ханның отаршылдыққа қарсы жаппай көтерілісінің айқын саяси сипаты және оның қазақ тарихындағы прогрессивті рөлі туралы пікірі бейнеленген.

Кілт сөздер: жырау, дастан, хан, ұлт-азаттық көтеріліс, қоштасу, үндеу, паш ету, тұлға, фольклорлық деректер, баға беру.

Kipicne

Кенесары қозғалысының түрлі кезеңдерін қамтитын фольклорлық шығармалар өте көп. Олар жанрлық қырынан алғанда көлемді тарихи жырлар, ғашықтық мазмұндағы дастандар, кейіпкерлердің арман-аңсарларын аңдататын лирикалық өлеңдер, Кенесарының Арқа жұртымен қоштасуын бейнелейтін толғаулар, тәлімі мол тарихи аңыздар, хан Кене мен Наурызбай төренің қазасын жоқтауға арналған ғұрыптық жырлар болып келеді. Бұлардан басқа, күллі қазаққа аты мәлім ақындар шығарған туындылар да аз емес. Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбайы», Көкбайдың «Абылай-Кенесарысы», Нұрханның «Жасауыл қырғыны», Саяділдің «Кенесарысы», Досқожа ақынның «Қоштасу жыры», М. Сералиннің «Топжарған», Д. Әлімбаевтың «Кенесары» дастаны сияқты т.б. жырлар Кенесары қозғалысын бейнелеуге бағышталған авторлық шығармалар тізбегін құрайды. Бұл шығармалардың басым көпшілігі көтерілістен соң туған.

Бұған қоса, Кенесары мен Наурызбай туралы жазылған тарихи ғылыми еңбектерді бір-бірімен салыстыра отырып оқыған кісі өмірде болған жайдың шындығы мен қоспасын айырып, тарихи шындықтың көркем шындыққа қалай айналғанына көз жеткізері анық.

Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны аса елеулі шығармалардың бірі ретінде

Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің тарихы Нысанбай жырау Жаманкүлді қалдырған «Кенесары-Наурызбай» жырының негізгі сюжеті болған. Найзасы мен қобызын қатар ұстап, жорықтағы қолдың жыршысы болған Нысанбай шығармасында Ресей мен Қоқан өкіметі қыспағынан туған ел қасіреті, батырлардың ерліктері, ханның қолбасшылық өнері, майдан даласындағы соғыс суреті сол күйінде көрініс тапқан. Шығарма қаһармандарымен бірге жүріп, бар оқиғаның куәсі

болған ақынның ой-сезімі, өкініші мен қайғысы жоқтау-жырдың бейнелеу амалдарымен ұштасып, тарихи туындының көркемдік мәнін көтере түскен.

Нысанбай Жаманқұлұлы 1822 ж. қазіргі Қызылорда облысы, Жалағаш ауданының Аққошқар елді мекенінің түстігінде Шеңгелсай деген жерде дүниеге келген. Ата-тегін айтар болсақ, бұл кісі Кіші жүз, Жетіру-Керейт тайпасының Ашамайлы аталығынан тарайды.

Ақын өзінің қарымды қаламынан туындаған дастанында балалық, жастық шағы туралы былайша толғайды [1; 191, 192]:

*Менің атым – Нысанбай,
Ат жібердім тұсамай,
Өзім жырау болыптын,
Ата-анама ұқсамай.
Бісімілла, әулие себепкер,
Ауыздағы отыз тіс,
Қызыл тілге көмек бер.
Ал, қолымды сермедім,
Керейіттен шыққан жеті ер,
Жас балаңа медет бер!
Нәсіл затым сұрасаң,
Ашамайлы Керейітпін.
Он жасыма келгенде,
Қарыма қобыз ілгенмін.
Он бір жасқа келгенде,
Сөз мәнісін білгенмін.
Он екіге келгенде,
Жақсының алдын көргенмін.
Он үш жасқа келгенде,
Жақсының соңына ергенмін,
Он төрт жасқа келгенде,
Өз елімде жүргенмін.
Он бес жасқа келген соң,
Кенесары, Наурызбай
Төрені іздеп келгенмін.
Сол кездегі төренің
Сойдақ қожя ақыны,
Қобыз алған балаға,
Толмады қожя тақымы.
Хан алдында сөйледім,
Ханның болып жақыны,
Керейіттен шыққан жеті ер
Жар болған соң беглерім,
Қожяны жеңдім ақыры...*

Шайыр «Керейіттен (Керейіттен) шыққан жеті ер» деп, кезінде Үш жүздің пірі атанған Тәуке ханның діни кеңесшісі софы Әзиз Мүсірәлі әулиені айтып отыр. Жорық жолында тар жол, тайғақ кешулерде шайыр әрдайым жаратушы иесі мен жеті пірге қол беріп, жеті өлікке жан бітірген әулие бабасына сыйынып отырған. Мұны әуелі Құдай, сонан соң сол Мүсірәлі әулиенің желеп-жебеуімен талай-талай тажалдардан аман қалғанға ұқсайды. Алғашқы мүшел жасында бала Нысанбай түс көреді. Түсінде Мүсірәлі бабасы: «Алла жазса, бағың жанғалы тұр екен, шырағым. Өсе келе ел-халқыңның жоғын жоқтап, мұның бірге мұңлықтар, соның сөзін сөйлеп, араша түсер дәрежеге жетесің. Өкенді жолбасшы етіп, Қорқыт бабаның басына түнеп, ақ батасын алып қайтқайсың. Иншалла, бөтен болмассың», — деп аян береді. Ертеңгісіне жол жабдығын қамдап, әкесі екеуі қос атпен Қорқыт қорымына қарай жүріп кетеді. Түсінде ұлы бабасы оған көне аспабын тарту етіп, ағынан жарылып, ақ батасын береді [2].

Нысанбай 15 жасынан Кенесары үйінде тәрбиеленеді. Оған ақынның [1; 192]:

*Ханның болып баласы,
Бірге жаттым ордада
Ахмет, Тайшық қасында, —*

деген жолдары куә. Ахмет пен Тайшық — Кенесары ханның балалары.

Жалынды ақын көлемді поэмасында көтеріліс басшыларын батырлар жырының дәстүрінде бейнелеу негізінде заман шындығын отарлық езгіге қарсы көтерілген халық үнімен шебер қиюластыра білген [1; 192–194]:

*Кешегі өткен Кенекең —
Дұрри жауһар данасы.
Үйсіздерге үй болған,
Биуатанның қанасы.
Шаршағанға ат болып,
Шөлдегенге су болған,
Дарияның аққан саласы.
Ата-тегін сұрасаң,
Хан Абылай баласы.
Арқадан ауып кеткені —
Бұ жақтағы жұртының
Ауызының аласы.
Әуелгі мекен қонысы —
Көкиетаудың панасы.
Жазғы жайлау өрісі —
О да соның даласы.
Көп тілеуін тілеген
Ол — мұсылман баласы.
Абылай ұлы Қасымды,
Жасық емес, асылды.
Саржан атқа мінген соң,
Төренің бағы ашылды.
Қарсы келген егесіп.
Дұшпанның көңілі басылды.
Жалғыз Саржан не болар,
Есенгелді қосылды.
Кімге апарып теңейміз,
Наурызбай сынды жас ұлды?*

*Кенесары, Наурызбай
Атағы шықты аңқылдап.
Жауды үркітіп қашырды,
Ақ алмастай жалтылдап
Зәресін алды дұшпанның
Нажағайдай шартылдап.
Қасына ерген төлеңгіт
Олжаға батты қарқылдап.*

*Хан Кененің арманы —
Құмбелден жатпақ жай алып.
Наурызбай шықты қамалдан,
Найзасы қанға боялып.
Не жаны қалсын Кененің,
Наурызбайдан аянып?
Тарта берді шылбырын,
Қылышына таянып.
Кене хан жөнеп берген соң,
Қазақ біткен оянып:
Кенекең жауға барған соң,
Артындағы көп қазақ
Несіне қалсын аянып!*

«Кене ханның жыршысы» дастанында [1; 203]:

*Наурызбайдың сөзіне
Батырлары шыдамай,
Хан қасынан ұмтылды —
Ағыбай, Дулат, Меңдібай,
Арғыннан шыққан үш жігіт —
Шәкір, Жәуке, Төлебай.
Олардан тірі қалар ма
Табыннан Қабан, Бұқарбай! —*

деп ұлт-азаттық көтерілісіне қатынасқан батыр бабаларымыздың ерлігін тебірене жырға қосқан. Нысанбай жырау шығармасының түпкілікті айтпақ ойы [3; 18, 19]:

*Күмісті садақ, алтын оқ,
Кенекең жауға жолықты.
Ақ білегін сыбанған
Балуанды тойға жолықты.
Алыстан тоят іздеген
Ақ сұңқарға жолықты.
Айшылықты бір басқан,
Қас тұлпарға жолықты.
Асқындаған пейілінен
Кенекем зорға жолықты.
Нөкерімен теп-тегіс
Бір ажалға жолықты, —*

деген жолдардан көрінеді. Ақын мұнда болған істі жай хабарлаған деу аздық етеді. Ол «жазмыштан озмыш жоқ», тағдырдың үкімі осылай болды дегенді жамағатқа есіттіріп отыр. Дана ақынның сөз сыңайын осылайша қорытуы шындыққа да, жағдайға да сәйкес лебіз. Өйткені бұл арада Кенесарының бұрынғы сансыз ерлігін, өзінің дұшпандарынан анағұрлым биікте тұрғанын, мақсатының ұлылығын тізіп жату мүлде артық болар еді [4].

Нысанбайдың жыры былайша аяқталады [3; 55]:

*Бұл қиссаны шығарған
Нысанбай деген жыршы еді,
Хан Кененің тұсында
Жұрттан озған сыншы еді, —
Айтқан сөзі үлгілі
Құлақтың бір құрышы еді,
Өлең-жырға Нысанбай
Мәшһүр шешен нар еді,
Бір естіген адамдар
Сөзіне тағы зар еді —
Көзімен көріп сөз қылған
Соғыста өзі бар еді.*

Кене ханның ұлт-азаттық көтерілісіне басынан-аяғына дейін қатысқан жорық жыршысының өзі өмір сүрген заманда қандай ақын болғаны, абырой-беделі, сыншылдығы мен шыншылдығы осы жолдарда сайрап тұр.

1847 ж. Кенесары көтерілісі жеңіліске ұшырап, Кенесары қаза болғаннан кейін Нысанбай жырау қырғыз жерінен қашып шығып, Орта Азия елдерінде біршама уақыт жасырынып жүреді. Туған жеріне қай жылдары қайтып келгені туралы нақты дерек жоқ. Ақынның ақырғы деміне дейін (1883 ж.) өмір сүрген жері — Аққошқар жеріндегі Еңбек ауылы. Бұны журналист, жазушы Т. Бекниязов жазып, дәлелдеп жүр: «Ақын Аққошқар ауылының солтүстік-батысында екі шақырымдай жердегі Кұлтарыда жерленген». Төрегелді Бекниязов Еңбек ауылында туып-өскен, көнекөз қариялар сөзін тындап, солардан естіп-білгенін жазған [5].

Нысанбай жыры көпке қадірлі, бар қазаққа кең тараған туынды болғандықтан, әр түрлі өзгерістерге ұшырап, бірнеше нұсқамен тараған. Бұл шығарма алғаш рет 1872 ж. (кейбір деректерде 1875 ж.) С. Жантөрин мен Т. Сейдалиниң аудармасымен «Записки Оренбургского отдела императорского Русского географического общества» журналының 3-бөлімінде орысша әріппен

басылып шығады. Ал 1912 ж. «Кенесары-Наурызбай» жыры Қазан баспасынан жеке кітап күйінде жарық көреді.

Кенес үкіметі тұсында Нысанбай туындысы екі рет кітап болып шықты. 1923 ж. Х. Досмұхамедұлының алғысөзімен Ташкентте басылып, 1924 ж. Мәскеуде Н. Төреқұловтың алғысөзімен жарияланады. Бұл жарық көрген кітаптардың екеуі де Ә. Диваев жинаған Ж. Басығарин нұсқасы еді [6; 24–26].

Кенес дәуірінде Кенесары-Наурызбай бастаған көтеріліс бұрмаланып көрсетілгені, кейін, тіпті, олардың аттарын атауға тыйым салынғаны белгілі. Осыған орай Нысанбай есімі де халық жадынан өше бастаған еді. Тек тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ғана «Кенесары-Наурызбай» жыры қайтадан жарыққа шығып, Нысанбай есімі қайта жаңғырды.

Ақынның дастаны 1996 ж. «Қазақ халық әдебиеті» көп томдық жинағының 17-томында профессор Ш. Ыбыраевтың алғысөзімен жарық көрді. Соңғы жылдары «Парасат» және «Жұлдыз» журналдарында, 2008 ж. жарық көрген «Батырлар жырының» жетінші томында басылды. Осы басылымдардың тек соңғысында ғана аты-жөні толық жазылып, «Нысанбай жырау Жаманқұлұлы» деп көрсетілген.

Алдағы уақытта бүгінгі және келешек ұрпаққа еліміздің тәуелсіздігінің қадір-қасиетін қастерлетіп, олардың жүрегіне қазақ еліне деген патриоттық сезім еккіміз келсе, Нысанбай сияқты тарихи тұлғамызды барынша ұлықтап, лайықты бағасын беру керек. Өйткені намыс туын көтеріп, ел азаттығы жолында күрескен, сол жолда мерт болған Кенесары, Наурызбай сияқты ерлеріміздің ерлік істерін жырлаған Нысанбай Жаманқұлұлының аты ешқашанда өшпек емес.

*Кенесары хан қоныстан ауғанда Досқожа ақынның
шығарған қоштасу жыры*

Кенесарының күресін жақтаған қазақ ақындары сарбаздардың рухын көтеруге өз үлесін қосты. Сондай ақындардың бірі Алтай-Қалқаман руының өкілі Досқожа Токбөріұлы, өзінің айтуы бойынша, Кенесары ханның қолына Ақмола аймағында қосылған. Кенесарының күресін жақтаған ақындар қатарында белгілі қазақ драматургы Қалтай Мұхамеджановтың бабасы Күдеріқожа ақын да болды.

Досқожа жыраудың (1801–1866) есімі «Кенесары қоныстан ауғанда айтқаны» деген жырынан [7] мәлім. Бұл жыр мекенін тастап ауа көшкен елдің туып-өскен жерін кимай жылап айрылысқан қоштасуын бейнелейді [8].

Досқожа ақын қазақтың бейбіт, еркін бақытты күн кешкен шағын еске түсіреді. Бұл қоныстың ата-бабалар қайратымен қолға түскенін айта кетеді.

*Қатарыңнан артықсың,
Қайраты түпсіз тереңім!
Атаңыз жаулап өтіпті
Қалмақтың Уса, Серенін.
Біз қоныстан кеткен соң,
Көреміз бе, дүние-ай,
Мына жатқан Есілдің
Көк орай тартқан өзенін?! —*

дей келіп, туып-өскен жердің сәулетін, қадір-қасиетін айтып тауыса алмайды:

*Күншілік жерден көрінген,
Көрінсе, көңіл бөлінген,
Алшаңдатып ат мінген,
Мұнар болып көрінген,
Кіші ауылдың қыстауы —
Баянауыл, Қазылық.
Үдере көшкен байлардың
Жолы жатыр қазылып.
Жазғытұры болғанда
Жалғыз-жалғыз ауыл боп,
Отырушы едік жазылып...*

Бізге ақын халықтың көңіл-күйін білдіретін жыр жолдары арқылы ешбір тігісін жасыруға көнбейтін шындықты куәлендіреді.

Аман бол, қалдың көгеріп,
 Бастары самал тауларым!
 Арасы биік бауларым!
 Кетемін деген есте жоқ,
 Көшірді дұшпан жауларым!
 Сарқырап аққан тастақтан,
 Сабадағы салқын қымыздай
 Сарқырап аққан бұлағым!
 Тобылғылы қалың тоғайдан
 Есепсіз өрген тышқандай
 Алтайы қызыл түлкі еді
 Ұлдарым киген тымағым!
 Қадіріңді білмедім,
 Аман бол, қайран шырағым!

Отаршылдық зардабын ешбір жазба құжат халықтың жүрегін жарып шыққан өлең жолдарындай табиғи қалпында бейнелей алмайды.

Артымда қалып барасың,
 Қарағайлым, Шұбарым.
 Қызығын көрген елімнің
 Енді білдім жыларын!
 Ағашым естен кетер ме,
 Жапырақ шашып гүлденіп,
 Көгеріп тұрған мұнарып?!
 Қарағайым, қайыңым!
 Жоқ еді, қоныс, айыбың.
 Алты ай жаздай бір көшпей,
 Алкөде бейне меткілдей,
 Кіршіксіз еді зайыбым!
 Жаздың күні болғанда,
 Ел өзенге қонғанда,
 Балдырғанды Балқаштан
 Тулатып шанышқан жайыным!
 Талма тал түс болғанда,
 Байлар қымыз ішерде,
 Сары нардай ыңыранып,
 Бәйбіше саба пісерде,
 Бірқазандай отырған
 Бозбаласы құралып,
 Дәулетті үйге түсерде.
 Ірбіті сары самарға
 Сапырып қымыз құйдырып,
 Салқын жерге тоңдырып,
 Салтанатқа төндіріп,
 Сауқым салған, заман-ай!
 Өзеннің суы — тұнығым,
 Асауымды тоқтатқан
 Қара мойыл құрығым!
 Құбыладан соққан түнеріп
 Қызыл желді тоқтатқан
 Қайыңның жалы сырығым!
 А, дариға, дүние-ай,
 Қайтейін жердің қылығын!..
 Бұл қоныстан кеткен соң,
 Издесе, халқым табар ма
 Бір құраған шыбығын?!

*Артымда қалып барасың,
Көгеріп жатқан өзенім.
Өзеннің бойын бос қойып,
Сыртқы көгін жегенім.
Құр атыма теңелген
Жазғы мінген көбеңім.
Қонысым қолда тұрғанда
Болушы еді дегенім.
Ат мініп, жарақ асынған.
Сағынар мырза өз елін.*

Жалпылай алғанда, Досқожа ақынның жырында Сарыарқаның жасыл орманы, көгілдір таулары, көк үйірім көлдері мен өзендері көркем тілмен тамаша суреттелген.

*«Наурызбай-Ханшайым» атты эпикалық туындыдағы
Кенесары мен Наурызбай бейнесі*

Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы (1854–1936) — бүкіл өмірін қазақ ауыз әдебиетін жинап, оның өзіне ұнаған жақсы үлгілерін қайта жырлап, кітап етіп бастыруға жұмсаған зерделі жан. Ақынның Қазан қаласынан жарық көрген дастандары отызға жуық. Жүсіпбектің сондай шығармаларының бірі — «Наурызбай-Ханшайым» атты эпикалық туындысы [9].

Жүсіпбек қожаның бұл шығармасы Қазан қаласында 1915 ж. өз алдына жеке кітап болып жарық көрген. Дастан бастан-аяқ ата-бабамыздың көшпелі тұрмысын жан-жақты суреттеген. Бұл еңбекте ақын еліміздің көшіп-қону, қыз ұзату, бәйге, сайыс, айтыс, күрес, жамбы ату сияқты сан алуан ұлттық сән-салтанатын әр қырынан әдемі жырлаған. Поэмада Кенесары мен Наурызбай бейнесі, ел бүтіндігіне, халық бірлігіне шыбын жанын қиюға даяр Ханшайым сұлудың өмірі анық сомдалған.

Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық қозғалысын алғаш Ғұбайдолла сұлтан бастаса, кейін оны Саржан сұлтан, Кенесары, Наурызбай жалғастырды. Кенесары орыс пен қазақ арасындағы қарым-қатынасты, татулықты, бірлікті қалап, патшаға хат жолдағанымен, онысынан түк шықпады. Сондықтан да елін ысырып, қонысынан қуып, қонышынан басқан басқыншыларға қарсы шықпай қарап отыра алмады, намысқа мініп, қарсы ұмтылды. Сол намысты ер Кене Хан батырдың халық қадірлеп, жырға қосып, қастерлеген қасиеттері қандай еді?

Қолда бар фольклорлық мәтіндерде Кенесары — идеалды кейіпкер, мінсіз адам, әділ хан ретінде суреттеледі. Ол бірнеше сипатта көрінеді. Егер жүйелеп айтар болсақ [10; 6]:

- Кенесары — идеалды қаһарман, билік тізгінін мықтап ұстаған әмірші, күллі қазақты өзіне қаратқан хан;
- оның қол астына атакты батырлар жиналған;
- олар ханның ордасын – мемлекет орталығына айналдырған.

Бұл туралы Жүсіпбек Шайхисламұлы өз дастанында:

*Хан болды Кенесары Орта жүзге,
Жайылды әруағы өзге жүзге.
Хакім боп жеті жұрттан иығы асты,
Жарамас шөп салуға басқан ізге.*

*Анасы Наурызбайдың бөлек еді,
Өзінің қатарынан зерек еді.
Дүниеден қайран ерлер өтіп кетті,
Қазақтың баласына керек еді, —*

деп жырлайды.

Кенесары да, оның інісі Наурызбай да өз қатарынан асып туған, ел қамқоры болған адамдар. Кенесары мен Наурызбайдың ерекше тұлғалар екенін айту үшін жыршы өзінің эпикалық туындысында олардың бабалары туралы былай баяндайды:

*Абылай хан боп өткен мұсылманға,
Жайылған әруағы барша жанға.
Жеткен соң қаза-тағдыр, дүние салып,
Қойылған бата қылып Түркістанға.
Қалмақтан Абылай хан бір қыз алған,*

*Қадамы жеткен жерге құлаш салған.
Опасыз бұл жалғаннан олар да өтті,
Ойласаң, баяны жоқ, дүние жалған.*

*Қасым хан — Абылайдың бел баласы,
Шығады, тыңдасаңыз, сөз данасы.
Абылай Қалдан ханның қызын алған,
Қасымның, естісеңіз, сол — анасы.*

*Қасым хан өзге ұлынан асып туған,
Көңілін дұшпанының басып туған.
Қарнында анасының қан шеңгелдеп,
Қызартып екі көзін ашып туған.*

Сонымен, Кенесары мен Наурызбайдың әкесі Қасым төре ерекше адам болған. Ал одан туған Кенесары да, Наурызбай да — тегін емес деген ұғым жатыр мұнда.

Қасымның төрт ұлының ішінде бөлек туған Кенесары. Ол сол себепті хан болды, — дейді халық жыршысы:

*Қасым хан, қаза жетіп, дүние салды,
Тағдыры кімнің жетсе, соны алды.
Мирасқор орнын басып, елін ұстап,
Артында Қасым ханның төрт ұл қалды.*

*Хан болды үлкен ұлы — Кенесары,
Дұшпанға ерегіскен өтті зары.*

Поэмада Кенесары — ақылшы, батагөй абыз, тапқыр шешен, бекзат болып бейнеленеді. Әрбір жауапты, қиын іс Кенесары бата бермей істелмейді. Жорыққа шығарда, шайқасқа енерде ол бата беріп, ақ жол айтып кіріседі. Оның батасы фольклор дәстүрінде болып келеді. Мысалы, Тілеуқабақ жұртына кетіп бара жатқан Наурызбайға берген батасы мынадай:

*Он сегіз мың әлемге
Патша болған, Құдайым!
Көз жасымды қабыл ет,
Мінәжат қылып жылайын.
Бір өзіңе тапсырдым,
Пана болған басына,
Рақым ойлап, иллаһим.
Бұрын сапар көрмеген,
Бейқам еді бұл айым.
Өзіңнен басқа панам жоқ,
Қайтып көзім көргенше
Болды қиын уайым.
Екінші, сізге тапсырдым,
Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,
Отыз үш мың сақабалар,
Иман Қасен, Құсайын,
Төрт Имам, төрт шаһарияр.
Және сізге тапсырдым,
Ғайып ерен, қырық шілтен,
Назарыңды салғайсың.
Сапарда болса бір кілтең,
Ғаріпке жәрдем болғайсың.
Хазіреті Қызыр Илияс,
Мәдет ет, Ғауыс, Қияс,
Қожа Насыр, Баһауддин,
Хан Абылай аруағынан
Мәдет сұрап қойдым бас!..*

*Қош айтып, бата беріп, қалды жайға,
Тапсырып баршаларын бір Құдайға.
«Бізді баққан дұшпан көп, бейқам болмай,
Берік бол», — деп айтады Ағыбайға.*

*Ер Науан қырық жігітпен бата алды,
Сапарға тәуекел деп қадам салды.
Кене хан шығарып сап, шүкір етті,
Иниалла, жолы болар ахуалды.*

Бұл бата халық ұғымына сәйкес. Жыршы Кенесарының аузына әдеттегі батаны салып отыр. Оның ойынша, Кенесары халықтан алшақ емес.

Кенесары бекзаттықты, хандық жолды бәрінен жоғары қояды және өзі кісілікті, жомарттықты қатты ұстанады. Ұлы ханның малға, дүние-мүлікке қызықпағанын «Наурызбай–Ханшайым» жырындағы мына жайттан байқаймыз.

Наурызбай мен Ағыбай Тілеуқабак деген байдың жылқысын барымталайды. Оларды Ханшайым қуып жетіп, өзінің тапқырлығымен, ержүректігімен Науанды тәнті етеді. Науан айдап келе жатқан жылқыны Ханшайымға сауғаға тастап кетеді.

Еліне құр қол оралған Наурызбайға Кене хан өзінің оң жағынан орын беріп:

*Қырық жігіт, есен барып, келдің
бе аман?*

*Тарылды сен кеткелі маған заман.
Жылқысы Тілеуқабак көрінбейді,
Қой десем, болмап едің, жері жаман, —*

деп тұспалдағанда, Ер Науан болған жайды баяндап:

*Бұралып талшыбықтай бойға жеткен,
Іс болса айтыңыздар бізден өткен.
Жұмыстың бастан-аяқ жайы солай,
Уа, аға, лайық па екен бермей кеткен? —*

дейді. Сонда Кене ханның көңілі толып:

*Жылқы алғаннан бұл ісің он есе артық,
Шақырайын той қылып оң мен солды, —*

деп той қамына кіріседі.

Атақты жыршы Кенесарының мырзалығын көтермелей айтып, оның пайым-түсінігін, ақсүйекке лайық заттылығын барынша дәріптейді. Мысалы, қалыңдығына кетіп бара жатқан Наурызбайға берген сыйы мынандай:

*Қазына-жабдық артты тоғыз нарға,
«Барсын, — деп, — салтанатпен мәнбур жарға».
Қос берді падишалық алтын шатыр,
Дүние мұқтаж емес еш оларға.*

*Жабдығын азық-түлік берді сайлап,
Тоғыз нарға қоңырау, байрақ байлап.
Бесінде бейсенбі күн шыға қонды,
Айтұяқ айтып сойып, «иә, Құдайлап».*

*Қолға алды тоғыз түйгын, тоғыз сұңқар,
Мінгені қырық жігіттің бәрі тұлпар.
Толтырып төрт сандыққа асыл бұйым,
Арттырды, «Болмасын, — деп, — жолы дәмкар».*

*Не асыл інжу-маржан алды тастан,
Жабдығын тамамдады аянбастан,
Кене хан аттандырып, амандасып,
Айтады ақыл-хайла бір-бір бастан.*

Бұдан да артық сый-сияпатты Кенесары хан Наурызбайдың қайынағасы Мұсаға, онымен бірге келген жолдастарына жасап, қазақтың «тоғыз сыйлау» салтын толық орындайды. Келтірілген мысалдардан көретініміз — халықтың «хан қандай болуы керек» деген түсінігі. Өмірде Кенесары осындай кең, осындай жомарт болды ма — белгісіз. Бірақ фольклор оны осындай етіп бейнелеп отыр [10; 6].

Жүсіпбек қожа өз шығармасында Наурызбай төренің жастық-албырттық шағындағы қайтпас қайсарлығымен бірге, Ханшайым сияқты ел ұйытқысы бола білген кемеңгер қыздың өмірін де айшықты бейнелейді. Ханшайым — кешегі Жиренше бабамыздың бәйбішесі Қарашаштың, Алаша ханның ханымы Ханбибінің, Бәйдібек батырдың тоқалы Домалақ ененің (Нұрила), Келдібек бидің бәйбішесі Айбикенің жол-жоралғысын, өнеге-үлгісін ұстанған асыл аналарымыздың бірі. Қысылтаяң шақта екі елдің ортасына алтын дәнекер, ақ тілеуші бола білген аяулы ару.

Ж. Шайхисламұлы туындысындағы оқиға Кіші жүздің алтын-жаппас руларының көші-қон жолында, Батпақты көлінің жанында өтеді. Дастандағы жер атаулары Үшбурыл көлі, Тоқырауын, Тоғыз арал өткелі. Бұлар Торғай өзені сағалары болуы мүмкін. Оқиға 17 жастағы Наурызбайдың алтын-жаппастармен бірге қоныстас Тілеуқабак аталығының қызы Ханшайыммен үйленуі, қыздың келін болып түскен бойы Кенесарының көзі өтіп қайтыс болғаны жөнінде.

Дастанда Кенесары Ханшайымды көріп, көркіне қайран қалып:

*Басқа әйел түлкі болса, құндыз екен,
Аспанда анық Шолпан жұлдыз екен.
Туды деп адамзаттан кім айтады,
Перизат, Хорлығайын нұр қызы екен.*

*Науанжан жарын тауып алған екен,
Әйелден бар Құдайым салған екен.
Деуші еді: «Қосылмайды екі жақсы», —
Айтқаны бұрынғының жалған екен, —*

деп тамсанады. Көп ұзамай-ақ Ханшайым Кененің көзі тиіп, талып қалады да, үш күннен кейін дүниеден өтеді.

Ханшайым өлімінен соң Наурызбай сұлтан ағалары Ержан төре, Кенесарымен бірге Қоқанды шабуға аттанады.

*Кенесарытанудың негізін қалаған ғұлама
Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы*

Кенесарының тұлғалық бейнесі мен билеушілік танымын және саяси ахуалды кеңінен сипаттап, отандық тарихтың беттерінен орын алуына бірден-бір себепкер болған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының (1858–1931) «Қара мес» деп аталатын еңбегі [11; 48]. Осы туындысында Сарыарқаның тарихын сипаттай келе, Көпейұлы [11; 49–50]: «Біздің бұл Сарыарқадағы қазаққа «қазақ бізге бағын, қара» деп, «ақ патшадан жарлық алып шықтым» — деп, Ибан Сыманьш деген бөлкебай келді. Сонда оныменен талас Қытайдан да елші келді, «қазақ саған қарамайды, маған қарайды» деп. Ол екеуінен патшаға қазақтың өз ішінен төреден Кенесары, Наурызбай шығып, келіп айтты:

*Бағынба қазақ орысқа,
Бағынсаң қазақ орысқа.
Осы бастан амандас,
Сарыарқа деген қонысқа.
Береке кетер асыңнан,
Билік кетер басыңнан.
Ингеннен інген күйерсін,
Күйдіруші табылып.
Көршілес жақын қасыңнан,
Қызығып тұрсың байқамай.
Күйгеннен зарлап айттым-ай,
Көрінісі орыстың,
Текеметтің бозындай.
Ойлағаны жамандық,
Жарадан аққан іріңдей,*

*Абақты деген үйі бар,
Қазулы даяр көріңдей.
Қызыл қарын жас бала,
Обалына қаларсың
Кейінгі үрім-бұтақтан,
Қарғыс бір нәлет аларсың,
Ап кетейін бір жаққа,
Соңымнан ерші ерінбей!*

Сонда сол замандағы қазақтың жақсылары кеңесті де Кенесары, Наурызбайдың сөзін қостамады және қытай елшісіне де сөйлеспеді. Жерімізге тимесең, баладан солдат алмасаң, саған қараймыз деп, ғәдәләтшілік бар деп, ақ патшаны өз ықтиярларымен қарап бағынды. Теріге жаздырып, уағда хат алды», — деп Кенесары мен Наурызбайдың өз қара басы үшін емес, ұлт болашағы үшін тер төккенін сипаттаған.

«Кенесары жорығы» деген бірінші нұсқасында Мәшһүр-Жүсіп [12]: «Қырғызбен соңғы соғысында Кенесарының ту тіккен жері Кекілік сеңгірінен бес шақырымдай жоғары Майтөбе деген жер екен. Майтөбені қырғыздар ежелден «Қанды жер» деп айтысады екен.

Қызылсу — Токпақтың тұсынан Алатаудан аққан бір өзен. Қокидың көлі Әулиеата уезінде Шудың жағасында, Ағашақ болысында.

Қолға түскен соң Кенесарының Жаманқараның бодауына Солты руы (ұруы) алған. Наурызбайды Қалпақ батыр мен Жанқабылдың боданына Сарбағыс, Тілеуқабыл манап алған.

Екеуін қалай өлтіргендігі Мәшһүрдің «Мес» кітабында атам заманда әлдеқашан жазылған. Керек қылғаның сонан қарандар.

Наурызбай төренің мінезі ауыл арасында әншейін жүргенде періштедей екен. Жауға шапқанда, суықтығы албастыдай көрінеді екен. Наурызбайды «өліпті» — деп естірткенде, бір қыздың айтқан өлеңі:

*Елімді жауға айдаған Көшек еді,
Жабысқан он үш жаста өсек еді.
Жыламаймын жатамын да бауырым төсеп,
Бір жатқан ер Науанмен төсек еді! —*

деп Наурызбайдың тұлғалық бейнесіне оң бағасын берген екен.

«Кенесары жорығына қатысты үшінші дерек» деген нұсқасында Мәшһүр-Жүсіп [12; 49]: «Кенесары ханның жылы қоян еді. Сегіз жыл хандық дағуасын қылды. Жылқы жылы қырық бес жасында қырғыздың қолына түсті. Әуелі шабамын деп қол көтерген — сол бойымен қарысып (қарығып) қалды. Екінші — қылышты алып шауып жіберген табанда өлді. Үйіне көтеріп барса, үйіші тегісімен қырылып, бәрінің жаназасы бір күнде оқылды. Сол тұқым ауыл-аймағымен таусылып бітті. Қырғыз халқы артынан көп пұшайман болды», — деп Кенесарының дәуірін бабасы Абылай хан билігінің жалғасы ретінде қарастырған.

*Халық ақыны Доскейдің Кенесары ерлігіне арнаған
көлемді шығармасы*

Көрнекті әнші-композитор, жыршы, әңгімеші, ақын Доскей Әлімбаев (1850–1946) ұзақ өмірінің сексен жылын жыр толғап, ән шырқап өткізген. Оның үстіне Сарыарқаны ән мен жырға бөлеген, өнерімен өрге өрлеген Басығараның Қанапиясы, Құлтума, Шөже, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса, Ғазиз, Естай секілді дүлдүлдермен бірге жүрген.

Доскей ақын жүздеген жыр-толғаулармен бірге, «Бақыт іздеуші тазша», «Қажымұқан», «Жетім бала мен жебір уәзір», «Тоқа батыр», «Кенесары», «Қара шолақ сиыр» тәрізді дастандар жазған.

Доскейдің «Кенесары» поэмасы [13] 1916 ж. патшаның «Маусым жарлығынан» кейін ұлт-азаттық қозғалыстың тууына байланысты елді рухтандыру, жігерлендіру мақсатында туған. 570 жолдан тұратын бұл дастан көне эпостық үлгіде шығарылған. Дастанның арқауы — тарихи шындық. Ол бізге Кенесары қозғалысынан біраз мәліметтер береді. Бұл туынды бірлікте, елдікте үндейді:

*... Патшаға сеніп ердің деп
Сөзіңді астырт бердің деп,
Кенекең қылған өкпені.
Сондықтан әбден өштесіп,
Манапқа мейірім етпеді.*

Өрлей берді Кенекең,
 Бішкек пенен Арасан,
 Оны басып тағыз алды.
 Тоқпақ пенен Кекілік,
 Алынбай енді сол қалды.
 Асатын жер таба алмай,
 Батырлар ауыр ойланды.
 Көкала қалқан өңгеріп,
 Жібелі найза қолға алды.
 Тас қыдырып, тау кезіп,
 Тоқпаққа қарай жол салды.
 Қыспақты күнде қысылшаң,
 Тұрғанда төре осылай,
 Астыртын хабар алысып,
 Патшамен манап сөйлесіп,
 Қырғыздың манап Орманы
 Патшаға барып сатылды.
 Көмекке алып, қасына
 Жинады өңкей батырды.
 Азғырып, алдап дулатты,
 Қайта өзіне шақырды.
 Кенекеңе білдірмей,
 Дулат тегіс қашады.
 «Біз кеттік, — деп, — Кенеден», —
 Манапқа хабар шашады.
 Ішінен шығып дұшпаны,
 Кененің сырын ашады.
 Мұны естіген манаптар
 Көңілденіп тасады.
 Манап пен дулат бірігіп,
 Мықты уәде жасады.
 Ішіне тыңшы кірген соң,
 Әлсіз жерін білген соң,
 Бір күні түнде қапелдем
 Кенекеңнің көп қолын
 Манаптар келіп басады.
 Қапыда қалып Кенекең,
 Түн ішінде сасады.
 Сонда да қайтпай, жауымен
 Қан майданды жасады.
 Тоғыз айлық соғыстан
 Шаршап әбден қажыған
 Батырлардың қайраты
 Қайта туып, тасады.
 Сонда-дағы шыдамай,
 Кененің қолы қаймығып,
 Шегініп кейін қашады,
 Патшаға қарсы соғысқан,
 Халық үшін жан қизған,
 Әскері кетіп қолынан,
 Кенесары, Наурызбай
 Қырғызда қалып өледі...

Доскей ақын өзінің туындысында:

Қазақтың жиып батырын,
 Басын қосып жинайын.

Қолды түзеп көк найза,
Желкесін жаудың қияйын.
Арғыннан шыққан Ағыбай,
Шапырашты Бұғыбай,
Толқынта найза сілтеген
Шәкір, Жәуке, Толыбай,
Азға қуат беретін
Туған інім Наурызбай,
Қайратты қалай тыяйын?!
Атамның еді жолдасы,
Қарт Бөгенбай бар еді,
Соған барып дос болған
Тарақтыда Байғозы,
Назымды соған құяйын.
Төртуылда Жанайдар
Жиһан асқан ер еді.
Тамадағы Танашты
Шақырса, ол да келеді.
Базар батыр Бөрішiде
Ерегiскен дұшпанның —
Жау жазасын береді.
Көбек батыр және бар
Жауға жеке кіретін.
Бижан батыр тағы бар,
Мінген аты — Көкшағыр,
Әкесінің аты — Алашағыр,
Жарғыштың жеті бірі еді,
Қайраты мұның ірі еді.
Оған еріп жолдас боп,
Көкаласын мінеді, —
Немересі Жұманның
Байқан батыр келеді.
— Ерегiскен тақсыр-ау,
Жауың қайда? — дер еді.
Байқан батыр ерлігі
Оның-дағы мол еді...
Кенесары батырдың
Жауға аттанар жолы еді.
Жиналған осы батырлар
Он төрт мыңдай қол еді, —

деп бабаларымыздың ұрыс үстіндегі ерліктерін бүкіл елімізге паш еткен.

Қорыта айтсақ, Доскей Әлімбаевтың бұл поэмасында қазақтың азаттық күресіне іріткі салған ру, тайпа көсемдерінің дүниеқор, екіжүзді әрекеттерін әшкерелейтін нақтылы мысалдар мол кездеседі...

*Хан Кене – Алаш ақыны Мағжанның «Оқжетпестің қиясында»
атты поэмасының бас кейіпкері*

Қазақтың кемеңгер ақыны Мағжан Жұмабаевтың дастан-поэмаларындағы тарихи тұлғаның бейнеленуі — ерекше тақырып. Жыр жұлдызының «Ертегі» поэмасы «Бостандық туы» газетінде 1922 ж. басылған, ал «Оқжетпестің қиясында» Ташкентте 1923 ж. жарық көрген. Екі туындының басты ойы — ел қорғаны бола білген Кене ханды аңсау [14].

Әсіресе М. Жұмабаевтың «Оқжетпестің қиясында» атты биік романтикалық поэмасындағы [15] тебіреністі лебіздер ойы ұшқыр, ұлттық мұраты нұрлы азаматтарды толғандырмай қоймайды. Поэманың бас кейіпкері — отанын қорғауды ардың ісі деп санаған Кенесарыны Алаш ақыны қалай аңсайды? Кене ханның өзін құрбандыққа қиған ісін Алаш ақыны қалай жырлайды? Бұл сауалдар туралы шығармада былай делінген:

*Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді.
Бурабайдың көлі мен Көкшетауды
Көрмесең, көкіректен шер кетпейді.
Қиясымен бұлт құшқан Оқжетпестей
Басқа тау ойды аспанға өрлетпейді.
Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Алаштан Кенекеме ер жетпейді.
Көкшеде күңіренген Кенем қайда?!
Дарига, жүрегімді дерт өртейді.*

*Көкшені күндіз-түні мұнар басқан,
Қап-қара бұлттармен құшақтасқан.
Алдында бұйра жалды бөлек тау тұр,
Көкшеге қосылмаққа қойнын ашқан.
Мөп-мөлдір, дөп-деңгелек көл ортада,
Жел ойнап, ақ бетіне меруерт шапқан.
Сол көлдің жағасында Оқжетпес бар,
Жасаған мұнарадай құйып тастан.
Найзадай Оқжетпестің қиясына
Жалғыз-ақ Кенекем зой қадам басқан.*

Қазақ ұғымындағы «ер» мен «еркек» түсінігі осы ретте айқындалған:

*Алашта талай-талай ерлер өткен,
Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен?
Сүйремей елін өрге, көрге сүйреп,
Ер емес, «ершіктер» ол елді еңіреткен.
Жалғыз-ақ Кенекем зой қайрат қылған,
Қазақты құтқарам деп қалың өрттен...*

Поэмадағы соңғы тармақ Алаш қайраткерінің Кенесары хан сияқты ерді аңсауы ғана емес, өзінің заманына деген құсалық шерін аңғартады («Күңіреніп біздей бейбақ жыр толғайды»):

*Арқада Бурабайдай жер болмайды,
Алашта Кенекемдей ер болмайды.
Кене Арыстан мезгілсіз мерт болды зой,
Алашқа бұдан да зор шер болмайды.
Ел азды, арқа тозды, қайғы басты,
Күңіреніп біздей бейбақ жыр толғайды.
Құдай-ау, мәңгілікке қарғамасаң,
Кенедей енді неге ер тумайды?!
Кене жоқ, ізін басар іні де жоқ,
Дарига, жүрегімді дерт улайды.*

Бүгінде Мағжан ақын жырының түпкі мұратындағы шындық әлі ескіре қойған жоқ. Өйткені орындалмаған армандар, ұлы өкініштер толып жатыр. Сонда да болса, қазіргі кезеңде қазақ жеріне тәуелсіздік таңы атқанына, еліміз үміт пен сенімге толы нық қадамдар жасап жатқанына, ел қамын терең ойлайтын намысты, жігерлі арыс азаматтар азаттық туын берік ұстап, заман көшін алға бастап отырғанына шүкіршілік етеміз...

*Жамбылдың Кенесарының ұлы тұлғасын тануға
арналған өлең жолдары*

1846 ж. Кенесары өз қолдары және ауылдарымен Жетісуға келді. Орыс әкімшілігімен егесі ұзаққа созылып кеткен, оның үстіне қарулы әскері мен соңына ерген ауылдардың шаруашылығы мен күнделікті тіршілік қамын ұйымдастыру және қажет бұйымдармен қамтамасыз ету азабын басынан өткізіп қалжыраған Кене хан Жетісу жеріне әбден шаршап-шалдығып жеткен еді.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Қойгелдиев: «Түрлі құжаттарда кездесетін деректік материалдарды салыстыра отырып, Кене ханның Жетісуға бет бұрғанда мынадай екі мақсатты көздегенін байқауға болады. Егер ісі сәтті жүрсе, Ұлы жүз қазақтары және қырғыздардан

қосылған қолдармен біріге отырып, Жетісу, Солтүстік Қырғызстан және Шу бойын Қоқан үстемдігінен босатып, осы өңірге орнығып, өз әрекетін одан ары жалғастыру. Ал егер бұл әрекеттен ештеңе шықпаса, онда Ресей билігі орнаған территориядан ұзап, Қытай құзырындағы Шығыс Түркістанға ойысу еді» [16], — деп жазады.

Жетісу жұрты Кенесарыны қалай қарсы алды? Тарихи деректерді тексере отырып, мынаны байқауға болады. Жетісуға келгенге шейін-ақ Кене хан мен оның әскері, жанына ерген батырлары жөніндегі хабар, дақпырт қазақ даласына кең тарап, аңызға айналып үлгірген еді. Соған байланысты халық арасындағы оның беделі аса жоғары болғандығы еш күмән туғызбайды.

Бұл ретте Жамбыл ақынның «Есте қалған әңгімелерден» [17] атты естелігіндегі: «Кенесарыға еріп келген өңкей батырларға Жетісудың кілең айбынды ерлері қосылып, Алатауды сілкінткендей бір калың, қайратты қол құралады. Кенекеннің Жетісуға келгенін бір кезде Сүйінбай бәріміз ұзақ жырмен айтушы едік, сонан есте қалғандары тіпті аз...

*Алдына дабыл өңгерген,
Артына сауыт бөктерген
Кенекем келді алыстан.
Ақауызы арқырап,
Ақ сауыты жарқырап,
Жауар бұлттай түйіліп,
Найзасын көкке үйіріп,
Наркескені жарқылдап,
Наурызбай келді арыстан.
Жауды көрсе қуанған,
Алмасын қанға суарған,
Табыннан шыққан Бұқарбай,
Ту ұстаған Нәпбай,
Жортуыл жолшы Бұғыбай —
Жалаң қылыш байланған,
Жау қайда деп сайланған,
Батырлар келді Қордайға...
Кенесары келген соң,
Өңкей ерді көрген соң,
Ерлігін жаннан асырған,
Бес қаруын асынған
Келді Саурық, Сыпатай,
Жас Бәйсейіт, Сұраншы,
Келді бәрі қалмастан,
Кенесары алдында
Өңкей көкжал бас қосқан...
Қара тасты айырап
Қайраттары алмастан.
Сондай ерлер өтті зой
Дұшпанымен айқасқан, —*

деп толғаушы едік» деген пікірдің шындықтан тым алшақ еместігін байқауға болады.

Атағы әлемге тараған жыр алыбы Жамбылдың аузынан жазылып алынып, мұрағатта сақталған бұл өлең жолдары Кенесары Қасымұлының ұлы тұлғасын тануға қымбат мағлұмат қосады.

*Кенесарының азаттық жолындағы күресінің белгілі ақын-жазушылардың, тарихшылардың
шығармаларына арқау болуы*

Алғашқы зерттеулер ішінде 1888 ж. Ташкентте «Кенесары мен Садық» деген атпен шыққан Кенесары ханның баласы сұлтан Ахмет Кенесариннің естеліктер жинағы өте құнды еңбек болып табылады.

Кешегі Кеңес дәуірінде Кенесары «жауыз», «бүлікші», «қаракшы», оны дәріптегендер «ұлтшыл» атанды. Солардың бірі Н. Ахметбеков еді. Ақын Кенесары-Наурызбай көтерілісін алғаш объективті түрде көрсетіп, хан Кене мен Наурызбай ерлігін асқақтата жырлайды. Бұл ел арасында сөз болып,

жоғарыға жетеді. Амал жоқ, қуғын-сүргінге ұшырамау үшін Н. Ахметбеков «Жасауыл қырғын» поэмасын қайта жазады. Бұл дастанында ол Кенесарыны қанды балақ қарақшы етіп суреттейді [18].

Профессор Ермұхан Бекмахановтың пайымдауынша [19], Кенесары Орта жүздің де, Кіші жүздің де қазақтарының азаттық қозғалысын Торғай аймағында басқарған. Батырлықпен, ерлікпен атағы шыққан Торғай өңіріне Кене ханның ат басын бұруы, ойсырап қалған жасағының орнын 62 салалы Торғай өзенінің бойындағы Қабырға, Өлкейік сияқты салаларын мекендеген арғын-қыпшақтан шыққан батырлармен толықтырып, оларды алдағы болатын ұрыстарға дайындап, жарамды ат-көлік, қару-жарақ дайындау еді. Торғай өңірінің Қарасай мен Қошалақ аралығындағы шұрайлы мекенге ат басын тіреген Кенесары хан осы жерде бірер жыл мекендейді. Ол жайында қазақтың тұңғыш қаламгерлерінің бірі, әрі ақын Мұхамеджан Сералиннің «Жауыр торы» дастанында жазылады.

Кенесары ханның Торғай өңіріне келуін жергілікті тұрғындар жылы қабылдап, оның жасағына осы тұста Торғай өзенінің бойындағы арғын-қыпшақтың батырлары Шәкір Қараманұлы, Иман Дулатұлы (Амангелді Имановтың атасы), Жәуке, Жанайдар, Төлебай, Меңдібай сынды елдің бас көтерер біраз азаматтары қосылады. Осылай Торғай өңірі — қазақтың соңғы ханы Кенесарыға арқа сүйер сенімді бекініс болады [20; 5].

Кенесарының өмірі мен қаһармандық істері жайында сөз етілген жырларда ханның таңдаулы батырлары Иманның, Жәукенің, Ағыбайдың, Бұқарбайдың, Жанайдардың, Шәкірдің, т.б. есімдері жиі айтылады. Өйткені бұл батырлар ойдан шығарылған емес, өмірде болған адамдар. Сондықтан да М. Сералин «Жауыр торы» дастанында:

*.... Жігіті Кенесары – өңшең сері,
Келгенде олар дайын үйдің төрі.
Ағыбай, Бұқарбай мен Шәкір, Жәуке,
Кекір мен Байтабында қалаулы ері, —*

деп суреттеп, төрт жол өлеңде айтылған батырлардың аттарын, бүкіл қазақ еліне әйгілі еткен. Бұл батырлар Кенесары ханның інісі Наурызбайдың соңынан ерген сенімді қырық жігіттерінің ішіндегі бірегейлері болған. Туған інісіне қалай сенсе, бұл батырларға солай сенген Кенесары хан Созақ, Түркістан, Ақмешіт, Мерке, Қызылжар, Қараөткел, Кереку, Ор, Аманқарағай бекіністері мен камалдарын аларда оларды алғы сапта ұстаған [20; 5].

XX ғасырдың отызыншы жылдарында М. Әуезов «Хан Кене» пьесасын (сахнаға бірер қойылуынан кейін тыйым салынған) жазады. Заңғар жазушының пьесасында Кенесары: «Мен сүйенер өмір мен жұбанар үміт қалған жоқ... бұдан арғыны көргенше Алланың ақ бұйрықты ажалы келсін», — деп торығады. Ол бұл сөзін рухани қажып, күйреп, жеңілгендіктен айтып, өлім тілеп отырған жоқ. Ол қайратты, қайсар, өр, өжет. Ол үшін туған елінің тәуелсіздігі жолында күрестен бас тарту — өлімнен де сорақы. Кенесары өз қамын емес, ел қамын жеп күйзеліп, күңіренеді. Ел намысынан артық не бар?! [21; 7].

Жалпы, Кенесары хан жайында бір жарым ғасыр бойы көп айтылып және жазылып келеді. Оның өмірі мен азаттық жолындағы күресі көптеген ақын-жазушылар мен тарихшылардың еңбектеріне арқау болды:

1. Фольклорлық деректерде Кенесарының тұлғасы ерекше сомдалған. Мысалы, Омар Шипин [21; 7]:

*Ерлігі Наурызбайдың ерен еді,
Хан Кене ақылдасқан зерек еді.
Ортада оба ағаштай терек еді,
Екеуі қапылыста өліп кетті,
Қазақтың баласына керек еді, —*

деп жырлаған.

2. Ақын Қалижан Бекхожин [21; 7]:

*Сескенткен айбынымен жеті жұртты,
Жоңғар мен шүлдірлеген жау шүршітті.
Арқаның аруақты батырлары
Бір кезде тау теңселтіп, жер сілкітті.*

*Сарнатып жел қобызын есе тартып,
Ерліктің әсерімен жыршы шалқып.
Сөйледі қанша батыр өтсе-дағы
Солардан Кенекемнің айбыны артық! —*

деп Кенесарының ерлігін, өрлігін мадақ еткен.

3. Ақиық ақын Сырбай Мәуленов [22]:

*Халқы үшін қан жұтып, қару алып,
Ту көтеріп, далада дабыл қағып.
Он жыл бойы бір түспей ат үстінен,
Он жыл бойы көрмеді дамыл алып.*

*Жасын оты секілді бұлтты жарып,
Қосындарды майданға шықты алып.
Ел қорғаны ержүрек батыр ұлды
Арманындай аялап күтті халық.*

*Толғантты оны тартылған жер тірлігі,
Найзаменен түрілген ел түндігі.
Екі өкпесі қысылып дем ала алмай,
Талықсыған халқының еркіндігі.*

*Өлетінін білсе де күні бұрын,
Қысқа екенін сезсе де жұмырының.
Ұрпақтарға болды ол орнатпақшы,
Азаттықтың тәуелсіз ұлы күнін.*

*Кене хандай кемітіп қолбасыны,
Тот басқандай елімнің болды асылы.
Әр ауылдан шығарып бір-бір батыр,
Кереметтей көтердік болмашыны.*

*Қорғаймын деп саумал көл, сайран жерді,
Әкесі, туыстары майданда өлді.
Жан-жағынан жау қаптап жалаң қағып,
Жазым етті қапыда қайран ерді.*

*Халқымыздың кім оны демес ары,
Хас батырдың көңілде елесі әлі.
Кейбіреу қалай десе, олай десін,
Тарихта тұрады өшпей Кенесары! —*

деп қазақ ханының даңқы алысқа кеткенін айтқан.

4. Кенесарыға арналған тарихи фольклорлық үлгілердің бүгінгі күнге жетуі үшін көп еңбек еткен ғалым Е. Ысмайылов болған. XX ғасырдың отызыншы жылдарында ол Кенесары мен Наурызбай туралы өлең-жырларды, аңыздарды жинап құрастырған болса, 1948 ж. фольклорлық шығармаларға арналған «Қазақ әдебиетінің тарихында» (бірінші том) Кенесары мен Наурызбайдың халық әдебиетіндегі бейнесі туралы зерттеу мақаласын жариялаған. Ғалымның атқарған еңбегі кеңестік идеологияның шартына сәйкес келмегендіктен, 25 жылға сотталғаны мәлім [6; 26]:

5. Кеңес үкіметі тұсында Кенесарының күрес жолына іргелі ғылыми зерттеу арнаған тарихшы-ғалым Е. Бекмаханов («XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» монографиясы) саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Ол тарихи шындықты жазғаны үшін 25 жылға сотталған. Аяусыз азап тартқан. Е. Бекмахановты қолдағаны үшін М. Әуезов, Қ. Сәтбаевтар қуғынға түскен. Бірақ тарлан тарихшыны ешкім бетінен қайтарып, жасыта алмаған. Ермұқан түрмеден жазған хатында [23]:

*Жаным менің жаралы,
Тарттым қанша жаланы,
Қайғы ішкен жылдарым,
Жылап өтіп барады, —*

деген. Тек 1954 ж. 16 ақпанда ғана көрнекті ғалым ақталып, түрмеден шықты.

6. Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдыз» романында Кенесарыны қуғындап, патшадан шен-шекпен алған бай-сұлтандар мен би-болыстарды атап кеткен.

7. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында Илияс Есенберлин «Қаһар» романын [24] жазғаны белгілі. Бұл кітапты тұңғыш рет «Жазушы» баспасы 1969 ж. басып шығарған. «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы ретінде «Советский писатель» баспасынан 1978 ж., «Художественная литература» баспасынан 1983 ж. шыққан. Сол жылдары «Қаһар» романы әдебиет тарихында ерекше құбылыс болған. Атақты жазушының туындысы қалың оқырмандардың махаббатына бөленген, ел тағдырын шыншылдықпен бейнелеген көркем шығарма ретінде бағаланған.

Бұл жерде академик Рахманқұл Бердібайдың мына бір пікірін келтірген орынды сияқты: «Кенесары мен ол бастаған азаттық қозғалысының ақиқатын батыл әрі ақиқат суреттеген жазушы Илияс Есенберлиннің романын нағыз әдеби ерлік деп білеміз. Әдебиетшілер былай тұрсын, тарихшылардың өзі Кенесары тақырыбына бара алмай, әділдік сөзін айта алмай жүрген кезде «Қаһар» романының жазылуы және жариялануы қоғамдық ойды сергіткен нағыз жаңашыл құбылыс болды. Кейіннен бұл роман орыс тіліне, басқа көптеген тілдерге аударылып, әлем жұртшылығына кеңінен танылып, биік бағаға ие болды. Соған қарамастан, ішіне шынашақ айнамайтын кейбір күншіл қаламгерлер романның құнды қасиетін төмендетіп көрсетуге, шығармадан саяси қателер іздеуге тырысып, жазушының өмірін улады. Оның «Көшпенділер» деп аталған тарихи романдары сыйлыққа ұсынылғанда өзінен өзгенің озғанын көре алмайтын, жаңалыққа қуана білмейтін кейбір жандар жабыла аттан салып, трилогияны жамандап шықты. Бірақ жақсы мен жаманның парқын қапысыз айыратын уақыт қазақтың азамат жазушысы Илияс Есенберлиннің еңбегі өмірлі екенін дәлелдеді, бұл шығарма көп таралыммен қайталанып басылып келеді... М. Әуезовтің «Хан Кенесі» мен І. Есенберлиннің «Қаһары» — Кенесарыға орнатылған ең қымбат жәдігер...» [4; 13].

8. Кенесары тұлғасына жаңаша қарап, оның шынайы бағасын беру ісі Қазақстан тәуелсіз мемлекетке айналғаннан кейін ғана қолға алынды. Хан Кенеге арналған бұрынғы зерттеулермен қатар академик М. Қозыбаевтың, профессор Ж. Қасымбаевтың зерттеулері, жаңа құжаттық жинақтар жарық көрді. Қайсар тұлғаның ұлттық тарихымызда алатын орнына көзқарас түбегейлі өзгеріске ұшырай бастады. Мысалы, тарих ғылымдарының докторы М. Қойгелдиев: «Кене хан бастаған қозғалыс барысында жалпы қазақ халқының, әсіресе оның саяси басқарушы тобының, саяси кемелдігінің әлі де болса жетімсіздігі, төмендігі, жеке дербес мемлекет құру қажеттігін терең ұғыну дәрежесіне көтерілмегендігі анық байқалды. Біздің түсінігімізше, тек осы контексте ғана Кене хан бастаған қозғалыстың халық тарихында алатын орны мен оның трагедиялық сипатын тура ұғынуға болады» [16; 118], — деген қорытынды жасады.

І. Есенберлиннің «Қаһарынан», ұзақ жылдардан кейін, соңғы уақытта «Абайдың жұмбағы» деген атпен Р. Токтаровтың романы жарыққа шықты. Мұнда жазушы Құнанбайдың бейнесін сомдай отырып, Кенесарының көпқырлы тұлғасына да біраз тоқталған. 2000 ж. Кене ханның бас сүйегін іздеу жөнінде арнайы топ ұйымдастырылды. 2002 ж. Кенесарының туғанына 200 жыл толуына орай халықаралық ғылыми конференция өтті. Астана қаласында оған ескерткіш тас орнатылды. 2004 ж. Едіге Уәлиханов «Кенесары» атты кітабын Мәскеу қаласындағы «Молодая гвардия» баспасынан шығара отырып, ұлы ханның күресін қалың көпшілік оқырманға танытты. 2005 ж. Кенесары Қасымовтың жерленген жерін анықтау үшін «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында арнайы ғылыми-зерттеу экспедициясы ұйымдастырылды. Жақында жазушы Д. Рамазанның «Кенесары-Күнімжан» драмасы Қ. Қуанышбаев атындағы Астана театрында қойылды. Соңғы жылдары баспасөз бетінде мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, 1837–1847 жж. арасындағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Кенесары Қасымұлына арналған біраз мақалалар мен өлеңдер жарияланды. Бұл еңбектерде халық қиялындағы, ел арманындағы қазақ жұртының соңғы ханының жарқын бейнесі көрініс тапты.

Сөз соңында айтарымыз, Кенесары көтерілісіне байланысты көркем шығармалар, монографиялар, ғылыми еңбектер, кітапшалар, мақалалар жарық көріп, түрлі деңгейде конференциялар өтіп, оған ғылыми тұрғыда әділ бағалар беріліп жатыр. Десек те, бұл тақырыпта әлі де көптеген ізденістер жүргізіліп, ғылыми еңбектер жазылуы тиіс.

Әңгімемізге арқау болған Кенесары көтерілісі және оның өмір жолына байланысты кейбір көмескі айтылып жүрген деректер әлі көп. Сондықтан да бүгінгі және келешек ұрпақтың көзімен Кенесары бейнесіне, ол басқарған ұлт-азаттық көтерілісіне қайта баға берілсе, болашақта жаңа шығармалар жазылса, нұр үстіне нұр болар еді. Осының барлығы халыққа керек дүние болары даусыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Нысанбай жырау Жаманқұлұлы*. Кенесары-Наурызбай (үзінді) // Ақжолтай Ағыбай батыр. — Алматы: Ғылым, 2002. — 191–233-б.
- 2 *Жанаев А.* Нысанбай жырау // Ана тілі. — 2012. — № 44 (1145). — 1–7 қараша. — 6, 7-б.
- 3 *Нысанбай жырау*. Кенесары-Наурызбай. (Дастан) // Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. — Алматы: Жалын, 1993. — 16–55-б.
- 4 *Бердібай Р.* Елдік туын көтерген Ер Кенекен // Қазақ. — 2013. — № 50–52 (670–672). — 13–27 желт. — 12–13-б.
- 5 *Мырзағалиева К.* Нысанбай жырау // Ақиқат. — 2012. — № 11. — 127, 128-б.
- 6 *Бейсенбаев П.* «Кенесары-Наурызбайды» жырлаған Нысанбай жырау жырдағы оқиғалардың куәсі болған // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21 (33). — 24–26-б.
- 7 *Досқожа*. Кенесары қоныстан ауғанда айтқаны // Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. — Алматы: Жалын, 1993. — 56–60-б.
- 8 Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. — Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі; Қазақстан даму институты, 1999. — 750 б.
- 9 *Наурызбай-Ханшайым* // Ақжолтай Ағыбай батыр // Құраст., жауап. шығ. А. Ісімақова, С. Сәкенов. — Алматы: Ғылым, 2002. — 27–129-б.
- 10 *Қасқабасов С.* Алаштың арман-аңсары (Кенесары хан халық әдебиетінде) // Егемен Қазақстан. — 2013. — 24 желт. — 6-б.
- 11 *Пазылов Ә.* Ұлт көсемі — Кенесары // Алаш. — 2010. — № 4 (31). — 48–53-б.
- 12 *Көпейұлы Мәуһүр-Жүсіп*. Кенесары көтерілісінің басталуы // Көкшетау. — 2011. — № 2 (14). — 40–51-б.
- 13 *Әлімбаев Д.* Кенесары (Поэма) // Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. — Алматы: Жалын, 1993. — 197–210-б.
- 14 *Ісімақова А.* Алаш әдебиеттануы. — Алматы: Мектеп, 2009. — 560 б.
- 15 *Жұмбабаев М.* Шойын жол // Жұлдыз. — 1990. — № 10. — 115–122-б.
- 16 *Қойгелдиев М.* Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII–XX ғғ.). Зерттеулер. — Алматы: Жалын, 2004. — 400 б.
- 17 *Жамбыл*. Есте қалған әңгімелерден // Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. — Алматы: Жалын, 1993. — 146–148-б.
- 18 *Мырзағалиева К.* Кенесары-Наурызбай туралы жазылған жырлардағы тарихи шындық // Ақиқат. — 2012. — № 3. — 73–75-б.
- 19 *Бекмаханов Е.* Кенесары — ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21 (33). — 8, 9-б.
- 20 *Бектемісов А.* Шәкір Қараманұлы жайлы не білеміз? // Қазақ. — 2012. — № 31–32 (597–598). — 3–10 тамыз. — 5-б.
- 21 *Оспанұлы С.* Қаһарман хан бейнесі мен қасиеттері // Қазақ. — 2012. — № 31–32 (597–598). — 3–10 тамыз — 7-б.
- 22 *Мәуленов С.* Кенесары // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21 (33). — 43-б.
- 23 *Жантемірова Р.* Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс // Қазақ тарихы. — 2011. — № 4 (109). — 46–47-б.
- 24 *Есенберлин І.* Он томдық шығармалар жинағы. — 7-т. — 3-кіт. — Көшпенділер: Тарихи трилогия. — Алматы: Жазушы, 1986. — 328 б.

Р.С.Каренов

Образ хана Кенесары в народной литературе и исторических исследованиях

В статье приведены литературные, исторические и фольклорные источники — исторические песни, рассказы очевидцев событий и их воспоминания о национально-освободительном движении под предводительством Кенесары Касымова. Подчеркивается, что среди исторических песен и поэм, посвященных Кенесары хану и Наурызбаю батыру, ведущее место занимает «Песня о Кенесары» известного поэта Нысанбая. Автором отмечено, что для выяснения причин восстания казахов в 20–40-х гг. XIX века важное значение имеет песня акына Досхожи, сложенная им во время этого восстания. Сделан вывод о том, что заслуживает особого внимания материал о Кенесары, собранный известным поэтом демократического направления М.-Ж. Колеевым. Показано, что важную группу фольклорных материалов составляют воспоминания народных акынов: Джамбула и Доскея. Кроме того, отражены мнения отдельных ученых и исследователей о восстании Кенесары, которое носило ярко выраженный антиколониальный массовый характер и сыграло прогрессивную роль в истории казахского народа.

R.S.Karenov

The image of Khan Kenesary in national literature and historical research

In this article presents the literary, historical and folkloric sources — historical songs, stories of eyewitnesses and their memories of the national liberation movement led by Kenesary Kassymov. It's emphasized that among the historical songs and poems dedicated Kenesary Khan and Nauryzbaiy knight, takes a leading role «Song of Kenesary» famous poet Nysanbaya. It is noted that to determine the causes of the uprising of the Kazakhs in the 20–40-ies of the nineteenth century is important akyn Doskhozha song, composed by him during this uprising. It is concluded that deserves special attention on the material Kenesary collected famous poet democratic direction M.-Zh. Kopeev. It is shown that an important group of folklore materials are folk memories akyns: Zhambul and Doskeyi. Reflect the views of individual scientists and researchers of the uprising Kenesary, which bore a pronounced anti-colonial mass character and played a progressive role in the history of the Kazakh people.

References

- 1 *Lucky Agybay Batyr*, Almaty: Gylym, 2002, 632 p.
- 2 Zhanaev A. *Ana tili*, 2012, 44 (1145), November, 1–7, p. 6–7.
- 3 *Kene Hahn: Historical reflections and the play, epics*, Almaty: Zhalyn, 1993, p. 16–55.
- 4 Berdibay R. *Kazakh*, 13–27, 50–52 (670–672), 2013, December, 13–27, p. 12–13.
- 5 Myrzagaliev K. *Akikat*, 2012, 11, p. 127–128.
- 6 Beisenbayev P. *Star family. Legendary figure: Pride of the Nation Kenesary Kassymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 24–26.
- 7 Doskozha. *Ken Hahn: Historical reflections and the play, epics*, Almaty: Zhalyn, 1993, p. 56–60.
- 8 *Kazakh literature: Encyclopedia*, Almaty: Ministry of Education and Science of Kazakhstan; Institute of Kazakhstan, 1999, 750 p.
- 9 *Lucky Agybay Batyr / Songwriters, publishers responsible A. Ismakova, S. Sakenov*, Almaty: Gylym, 2002, p. 27–129.
- 10 Kaskabasov S. *Egemen Kazakhstan*, December, 24, 2013, p. 6.
- 11 Pazylov A. *Alash*, 2010, 4 (31), p. 48–53.
- 12 Kopeyuly M.-Zh. *Kokshetau*, 2011, 2 (14), p. 40–51.
- 13 Alimbaev D. *Kene Hahn: Historical reflections and the play, epics*, Almaty: Zhalyn, 1993, p. 197–210.
- 14 Ismakova A. *Literature Alash*, Almaty: Mektep, 2009, 560 p.
- 15 Zhumabaev M. *Zhuldyz*, 1990, 10, p. 115–122.
- 16 Koygeldiyev M. *National political elites. Fate and the case (XVIII–XX century). Research*, Almaty: Zhalyn, 2004, 400 p.
- 17 Zhambyl. *Kene Hahn: Historical reflections and the play, epics*, Almaty: Zhalyn, 1993, p. 146–148.
- 18 Myrzagalieva K. *Akikat*, 2012, 3, p. 73–75.
- 19 Bekmahanov E. *Star family. Legendary figure: Pride of the Nation Kenesary (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 8, 9.
- 20 Bektemisov A. *Kazakh*, 31–32 (597–598), 2012, August, 3–10, p. 5.
- 21 Ospanuly S. *Kazakh*, 31–32 (597–598), 2012, August, 3–10, p. 7.
- 22 Maulenov S. *Star family. Legendary figure: Pride of the Nation Kenesary Kassymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 43.
- 23 Zhantemirova R. *History of Kazakhs*, 2011, 4 (109), p. 46, 47.
- 24 Esenberg I. *Ten-Works*, 7, 3, Nomads: historical trilogy, Almaty: Zhazushy, 1986, 328 p.